

Коммерциялық
ұйымдардың
ұйымдық-құқықтық
формалары

- Нарықтық экономика жүйесінде әр түрлі меншікке негізделген кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысандары істейді. Кез келген кәсіпорынның құқықтық негізі кәсіпкерлік болып табылады.

- ***Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны дегеніміз*** – заңмен және басқа да құқықтық нысанмен қарастырылған, кәсіпорынның қалыптасуының құрылымдық тәсілі мен түрі, оның меншік формасы, шығаратын өнім көлемі мен ассортименті, оның капиталының қалыптасуы, қызметінің сипаты мен мазмұнына тәуелді болғандықтан және әртүрлі фирмааралық одақтарға кіру тәсілі мен бәсеке күресін жүргізу әдісіне байланысты жіктелуі.

- Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны келесілермен анықталады:
 - - жарғылық қордың қалыптасу тәртібімен
 - - кәсіпорын міндеттемелерін бойынша жауапкершілік дәрежесімен
 - - меншің нысанымен

Қазақстанда кәсіпорындардың барлық ұйымдық-құқықтық түрелерінің құқықтары мен мүмкіндіктері бірдей және заңдық тұрғыдан кепілдендірілген. Бірақ, кәсіпорындардың әрқайсысының өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

• *Заңды тұлғалар:*

- 1. Коммерциялық ұйымдар
- 2. Коммерциялық емес ұйымдар
- 3. Басқа да ұйымдастырушылық-құқықтық нысандар

•Коммерциялық ұйым:

- 1. Шаруашылық серіктестіктер**

- ***Шаруашылық серіктестік*** – бұл өз қызметінің негізгі мақсаты терінде табыс табуды көздейтін, басқа да шаруашылық серіктестіктердің құрылтайшысы бола алатын, жарғылық капиталы қатысушылардың салымдарына бөлінген, заңды тұлға болып табылатын коммерциялық ұйым.

- ***Шаруашылық серіктестіктердің белгілері:***

- - ұйым коммерциялық статуска ие
 - - жалпы құқық қабілеттілігі
- - жарғылық капитал қатысушылардың салымдарына бөлінген
- - қатысушылар салымдары есебінен, сонымен қатар өз қызметі барысында өндірілген немесе иеленген салымдары есебінен құрылған мүлік иелері болып табылады.

**• Шаруашылық серіктестікке
қатысушылар:**

- құрылтай құжаттарының талаптарын сақтауға;
- салымдарды құрылтай құжаттарында көзделген тәртіп, мөлшер, әдістер және мерзімдер бойынша салып отыруға;
- шаруашылық серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

- *Шаруашылық серіктестіктер түрлері:*
 - 1. Толық серіктестік
 - 2. Каммандитті (сенім) серіктестік
 - 3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖШС
- 4. Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік

- ***Толық серіктестік*** – бұл мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік.

- Толық серіктестік қатысушылары жарғылық капиталды құрайды, оның мөлшері 25 айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы керек.

Толық серіктестіктің ең жоғары органы қатысушылардың жалпы жиналысы болып табылады.

- Толық серіктестікті басқаруды толық серіктестіктің атқару органдары жүзеге асырады. Басқару органдарының түрлері, құрылу тәртібі және олардың құзыреті құрылтай құжаттарында белгіленеді.
 - Толық серіктестікке қатысушының қалған қатысушылардың келісімінсіз өз атынан және өз мүдделері немесе үшінші жақтардың мүдделері үшін серіктестік қызметі мәнімен біртектес мәмілелер жасасуға құқығы жоқ.
- Бұл ереже бұзылған жағдайда серіктестік өз қалауы бойынша мұндай қатысушылардан не серіктестікке келтірілген залалдың орнын толтыруын, не осындай мәмілелерден тапқан бүкіл пайданы серіктестікке беруін талап етуге құқылы.

- Толық серіктестіктің қатысушысы қайтыс болған ретте қалған барлық қатысушылардың келісуімен құқықты мирасқор серіктестікке кіре алады. Құқықты мирасқор қатысушының толық серіктестік алдындағы борыштары бойынша, сондай-ақ серіктестіктің үшінші жақтар алдындағы бүкіл серіктестік қызметі кезінде пайда болған борыштары бойынша жауапты болады.

• *Сенім (коммандиттік) серіктестігі*

- Серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен қосымша жауап беретін бір немесе одан да көп қатысушылармен қатар, серіктестіктің мүлкіне өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін бір немесе одан көп қатысушыларды да енгізетін және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатыспайтын серіктестік сенім серіктестігі деп танылады.

- Сенім серіктестігіне қатысатын толық серіктердің құқықтық ережесі және олардың серіктестік міндеттемелері бойынша жауапкершілігі толық серіктестіктің қатысушылары туралы ережемен белгіленеді. Азамат тек бір ғана сенім серіктестігінің толық серіктесі бола алады. Сенім серіктестігінің салымшысы алғашқы салымын және қосымша жарналарын құрылтай құжаттарында көзделген мөлшерде, әдіс пен тәртіп бойынша салуға міндетті.

• Сенім серіктестігі салымшысының:

- серіктестік таза табысының жарғылық капиталдағы өзіне тиесілі үлесін құрылтай құжаттарында көзделген тәртіп бойынша алуға;
- серіктестіктің қаржылық есеппен танысуға, сондай-ақ оның дұрыс жасалуын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуді талап етуге;
- жарғылық капиталдағы өз үлесін немесе оның бір бөлігін заң құжаттарында және серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген тәртіп бойынша басқа салымшыға немесе үшінші жаққа беруге құқығы бар. Салымшының өз үлесін басқа біреуге түгелдей беруі оның серіктестікке қатысуын тоқтатады;
- заң актілерінде және құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен серіктестіктен шығуға құқылы.

- Сенім серіктестігінің жарғылық капиталы оның қатысушылары салатын салымнан құралады. Шаруашылық үрдісінде жарғылық қор өзгертілуі мүмкін. Салымшылардың салымдарын есептемегенде, жарғылық капитал толық серіктестердің сенім серіктестігі мүлкіндегі үлесін белгілейді. Жарғылық капиталдың мөлшерін сенім серіктестігінің толық серіктестері белгілейді және ол заң құжаттарында белгіленген ең төменгі мөлшерден кем болмауы керек. Сенім серіктестігінің жарғылық капиталын азайтуға оның барлық несие берушілеріне хабарланғаннан кейін жол беріледі. Несие берушілер бұл ретте тиісті міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуын немесе орындалуын және өздері шеккен залалдың орны толтырылуын талап етуге құқылы.

- Сенім серіктестігінің ісін басқаруды толық серіктестер жүзеге асырады. Сенім серіктестігінің ісін оның толық серіктестерінің басқару және жүргізу тәртібін олар толық серіктестік туралы ережелер бойынша белгілейді. Салымшылардың сенім серіктестігі ісін басқаруға қатысуға, сондай-ақ сенімхат бойынша болмаса, оның атынан әрекет жасауға құқығы жоқ. Сенім серіктестігі салымшыларының серіктестік ісін басқару жөнінде толық серіктестердің әрекеттеріне дау жасауға құқығы жоқ.

- *Жауапкершілігі шектеулі серіктестік*

- Бір немесе бірнеше адам құрған, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлеске бөлінген серіктестік жауапкершілігі шектеулі серіктестік деп танылады; жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты залалдарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді.

- Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің салымдарды толық қоспаған қатысушылары оның міндеттемелері бойынша әрбір қатысушының салым салмаған бөлігінің құны шегінде ортақ жауапты болады. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың саны шектелмейді. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз қатысушы ретінде бір адамнан тұратын басқа шаруашылық серіктестігі бола алмайды.

- Өзінің кез-келген қатысушыларының талабы бойынша жауапкершілігі шектеулі серіктестік қызметіне аудиторлық тексеру жүргізілуге тиіс.
Жауапкершілігі шектеулі серіктестік оған қатысушылардың қабылдаған шешімі бойынша өз еркімен қайта құрылуы немесе таратылуы мүмкін. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік өзге де шаруашылық серіктестік акционерлік қоғам немесе өндірістік кооператив болып қайта құрылуға құқылы.

- Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- серіктестіктің жарғысын өзгерту, соның ішінде оның жарғылық капиталы мөлшерін өзгерту;
- атқарушы органның мүшелерін (мүшесін) сайлау (тағайындау) және олардың (оның) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру шарттарын айқындау;
- серіктестіктің қаржылық есебін бекіту және оның таза табысын бөлу;
- серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім шығару;

- серіктестіктің байқау кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушісін) сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестік тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;
- ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда бекіту;
- серіктестіктің өзге де шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес бірлестіктерге қатысуы туралы шешім шығару;
 - тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
- жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушысынан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім шығару.

- *Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік*

- Қатысушылары серіктестік міндеттемелері бойынша өздерінің жарғылық капиталға салымдарымен жауап беретін, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған жағдайда өздеріне тиесілі мүлікпен оған өздері еселенген мөлшерде енгізген салымдар арқылы жауап беретін серіктестік қосымша жауапкершілігі бар серіктестік деп танылады. Қатысушылар жауапкершілігінің шекті мөлшері жарғыда көзделеді. Қатысушылардың бірі банкрот болған жағдайда оның серіктестік міндеттемелері жөніндегі жауапкершілігі, егер құрылтай құжаттарында жауапкершілікті бөлудің өзгеше тәртібі көзделмесе, қалған қатысушылар арасында олардың салымдарына қарай бөлінеді.

• *2. Акционерлік қоғам*

- Өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға акционерлік қоғам болып танылады. Акционерлік қоғамның акционерлері осы заң актілерінде көзделгеннен басқа жағдайларда оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді. Акционерлік қоғамның өз қатысушыларының мүлкінен оқшауланған мүлкі болады, өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады және өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

- Корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қорларының акционерлері аталған қорлардың міндеттемелері бойынша зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда белгіленген тәртіп пен жағдайларда ортақтасып жауап береді. Қоғамның барлық акцияларын бір акционер сатып алған жағдайда акционерлік қоғам бір адамнан құрылуы немесе бір адамнан тұруы мүмкін, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе. Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру жолымен құрылған немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың құқықтық жағдайының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заң актілерімен айқындалады. Заңдарда көзделген жағдайларда, акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында коммерциялық емес ұйымдар құрылуы мүмкін.

- Акционерлік қоғамның жоғары органы оның акционерлерінің жалпы жиналысы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреті заң актілерімен белгіленеді.
- Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді акционерлік қоғамның өзге органдарына беруге болмайды.
- Акционерлік қоғамда директорлар кеңесі құрылады, Азаматтық Кодексте, заң актілерінде және акционерлік қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, ол қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
- Заң актілерінде және акционерлік қоғамның жарғысында директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді акционерлік қоғамның атқарушы органының шешуіне беруге болмайды.

- *Өндірістік кооператив*

- Азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізде олардың өз еңбегімен қатысуына және өндірістік кооператив мүшелерінің мүліктік жарналарын біріктіруіне негізделген ерікті бірлестігі өндірістік кооператив деп танылады. Кооператив мүшелері екеуден кем болмауға тиіс. Өндірістік кооперативтің мүшелері кооператив міндеттемелері бойынша Өндірістік кооператив туралы заңда көзделген мөлшер мен тәртіп бойынша қосымша (жәрдем беру) жауапты болады.

- Өндірістік кооперативтің жарғысында кооператив мүшелері жарнасының мөлшері туралы; кооператив мүшелерінің құрамы мен жарна қосу тәртібі және олардың жарналарды енгізу жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы; кооператив қызметіне оның мүшелерінің еңбекпен қатысу сипаты мен тәртібі және олардың жеке еңбекпен қатысуы жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы; кооперативтің таза табысын бөлу тәртібі туралы; кооперативті басқару органдарының құрамы мен құзыреті және олардың шешімдер қабылдау, соның ішінде шешімі бірауыздан немесе білікті көпшілік дауыспен қабылданатын мәселелер жөніндегі шешімдер қабылдау тәртібі туралы ережелер болуға тиіс.

- Өндірістік кооперативтің меншігіндегі мүлік, егер кооперативтің жарғысында өзгеше көзделмесе, оның мүшелерінің пайларына олардың жарналарына барабар бөлінеді. Кооператив таза табысы оның мүшелері арасында, егер кооператив жарғысында өзгеше тәртіп көзделмесе, олардың еңбекке қатысуына сәйкес бөлінеді. Өндірістік кооператив таратылған немесе кооператив мүшесі одан шыққан жағдайда кооператив мүшесінің өз пайын бөліп алуға құқығы бар.
- Өндірістік кооперативті басқарудың жоғары органы оның мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады.

- Өндірістік кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне мыналар жатады:

- кооператив жарғысын өзгерту;
- атқарушы, тексеруші органдарды және қадағалау кеңесін құру мен олардың мүшелерін кері шақырып алу;
- кооператив мүшелерін қабылдау және шығару;
- кооперативтің қаржы есебін бекіту және оның таза табысын бөлу;
- кооперативті қайта құру мен таратуды шешу.

Коммерциялық ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысандарына тән белгілер

	Нысаны	Қатысушылар статусы	Қатысушылар саны
1	Толық серіктестік ТС	Тек жеке тұлғалар	2-ден кем емес
2	Коммандитті серіктестік КДС	Толық серіктестер (тек жеке тұлғалар), салымшылар (жеке және заңды тұлғалар)	2-ден кем емес, 1 толық серіктестен, 1 салымшыдан кем емес
3	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік ЖШС	Жеке және заңды тұлғалар, ЖШС жалғыз қатысушысы ретінде 1 тұлғадан тұратын басқа шаруашылық серіктестік бола алмайды	1 және одан жоғары
4	Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік ҚЖС	Жеке, заңды тұлғалар, тұлғалар, ЖШС жалғыз қатысушысы ретінде 1 тұлғадан тұратын басқа шаруашылық серіктестік бола алмайды	1 және одан жоғары
5	Акционерлік қоғам АҚ	Жеке және заңды тұлғалар	1 және одан жоғары
6	Өндірістік кооператив ӨК	Жеке тұлғалар	2-ден кем емес
7	Мемлекеттің кәсіпорын	Мемлекеттік басқару органдары	Меншік иесімен анықталады

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫ

Компанияның сипаттамасы

жауапкершілігі шектеулі қоғамы «Torgservis-Иркутск» 2003 жылы құрылды.
құрылтай құжаттарына сәйкес Қоғамның ұзақтығы шектелген жоқ.

Сауда үйі ЖШС, «Torgservis-Иркутск» жаңа ұрпақтың қазіргі заманғы сауда орталығы болып табылады.
Оның құрылысына қазіргі заманғы құрылыс әдістері мен соңғы әлемдік тәжірибе пайдаланылды.

TD табысы орташа деңгейдегі сатып алушылар бағытталған.

АР негізгі қызметі -. көтерме және бөлшек азық-түлік және халық тұтынатын тауарларды сауда, және жалға бөлшек кеңістігін жеткізу

Бұл компания белгісіз мерзімге құрылды.

коммерциялық ұйым ретінде кәсіпорынның негізгі мақсаты тұрғын емес үй-жайларды жалға арқылы пайда алу,
сондай-ақ көтерме және бөлшек сауда азық-түлік және халық тұтынатын тауарлардың отыр.

Компания, сондай-ақ Жарғыға «жауапкершілігі шектеулі қоғамдар туралы» Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің, Федералдық Заңға сәйкес жұмыс істейді.

Бұл ұйым, меншік құқығымен оқшауланған мүлікке ие өз атауы өзінің балансы, мөртабаны және бланкілері бар.

мұндай серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде, қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Сек сәйкес Қоғамның негізгі экономикалық қызметін.

Жарғысының 4:

көтерме (шағын көтерме) және бөлшек сауда;

сатып алу, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті беру және осындай нәрсе жалға немесе пайдалануға.

«Torgservis-Иркутск» сызықтық функциясының ұйымдық құрылымын.

Кәсіпорынның Line-функционалдық басқару құрылымы тұрады:

Негізгі жұмыс ұйымдастырумен айналысатын желісі бірлік;

Маманданды...